

3

Жақсының
шуағы

4

Бәйге: Іріктеудің
алғашқы кезеңі
Қызылордада өтті

Сыр бойы

№54 (21129) 14 сәуір, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҰҚШҰ БАС ХАТШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Таалатбек Масадыховты қабылдады.

Президентке ҰҚШҰ Бас хатшысы лауазымындағы жоспарын таныстырды. Кездесуде Ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша, соның ішінде тұрақты жұмыс органдарының міндеттеріне қатысты көптеген мәселе талқыланды.

Мемлекет басшысы Ұйымды одан әрі дамытуға арналған бірқатар ұсынысымен бөлісіп, Қазақстан тарапы ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін айтты.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Низар Амидиді Ирак Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады.

Қазақстан Президенті Ирак мемлекеті мен халқының жарқын келешегін қамтамасыз етуге бағытталған Низар Амидидің бастамаларына сәттілік тіледі. Сондай-ақ екі ел арасындағы достарлық пен өзара қолдау рухындағы ынтымақтастықтың одан әрі дами түсетініне сенім білдірді.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Өңірлік дамудың өзіндік міндеттері



Кеше ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы Рауан Рақымбеков және облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың қатысуымен өткен мәжілісте «Қазақстан Республикасы өңірлік дамуының 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы», туризмді дамыту мәселелері жөніндегі кеңес қорытындысында берілген және қалалардың сыртқы келбеті бойынша тапсырмалардың орындалу жайы талқыланды.

Сонымен бірге «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыру бойынша орман қорына 2 млрд, елді мекендерге 15 млн түп көшет отырғызу барысы қаралды.

Мәжілістен кейін өткен жиналыста осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала башшыларына тапсырма жүктелді.

2-бет

/// ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

ЦИФРЛЫҚ ӨНДІРІС – СЕНІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында экономиканы жаңғыртудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізуді атады. Бұл бағыттағы нақты нәтижелер еліміздің өңдеу өнеркәсібінде айқын көрініс тауып келеді.

Өңірдегі кірпіш, шыны, айна зауыттарының өнімдері ішкі нарықтан бөлек, көршілес елдерге де экспортталуда. Табақша шыны өндіретін Orda Glass Ltd ЖШС мен АупаGlass зауытының жұмысымен танысып, өндіріске енгізілген жаңашылдықты көріп қайттық.



Шыны зауыты өндірістік процестерді толық цифрландыру арқылы жоғары тиімділікке қол жеткізіп отыр. Жылдық қуаттылығы 197,1 мың тонна зауыт автоматтандырылған және цифрлық басқару жүйелері кеңінен қолданылады.

Зауыттың өндіріс бөлімі басының көмекшісі Нұрәлі Ермағанбет мұндағы әрбір цехтың атқаратын қызметіне тоқталып, шынының сапасы жоғары екенін, құрылысқа пайдаланатынын айтты.

– Бізде тәулігіне 550 тонна дайын өнім шығады. Шыны ішкі нарықты толық қамтып отыр. Сондай-ақ көрші

елдерге Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Әзербайжанға тасымалданады.

2-бет

АЙЫППҮЛ АРТТЫ, ТӘРТІП ТҮЗЕЛЕ МЕ?



Кейінгі жылдары елімізде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында айыппұл мөлшерін арттыру тәжірибесі жиіленіп келеді. Жол ережесін бұзу, қоғамдық орындардағы тәртіпсіздік, экологиялық талаптарды сақтамау – осының бәріне қатысты тәртіп қатанды. Бірақ қоғамда «Айыппұлды көбейту шынымен тәртіпті күшейте ме?» деген сауал қызу талқылануда.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, республикада жыл сайын миллиондаған әкімшілік құқықбұзушылық тіркеледі. Соның ішінде ең жиі кездесетіндері жол ережесін бұзу, қоғамдық орындардағы тәртіпсіздік, абақтандыру талаптарын сақтамау екен. Жол қозғалысын бақылау камераларының көбеюі нәтижесінде кейбір құқықбұзушылықтар азайғаны байқалады. Бұл айыппұлдың өсуінен емес, бақылаудың күшеюінен болса керек-ті.

Заң ғылымдарының магистрі Жандос Тұсмағамбетовтің пікірінше, екі адамның бірі осы мәселемен бетпе-бет келуде. Ол «Заң мен тәртіп» қағидасын ұстанған дұрыс деп есептейді.



– Өткен жылдан бері Президент айтқан «Заң мен тәртіп» тапсырмасы мемлекеттік мекемелер немесе жеке секторда кеңінен насихатталуда. Қазір айыппұл мәселесі өте күрделі. Мәселен, бұл тақырыпқа ой

қоспа бұрын, мына бір жайтқа тоқталғым келеді. Айталық шетелде азаматтар айыппұлдан емес, ұяттан қорқалды.

3-бет

/// ӨРКЕН

ЖОЛ – ИГІЛІК БАСТАУЫ

Жыл басталғалы жол құрылысы қызу қарқын алды. Соның ішінде облыс орталығындағы С.Торайғыров көшесінен «Құмкөл» трассасына дейінгі Сағымбаев көшесі қайта жаңғыртылуда. Мердігер – «Қыран» ЖШС. Аталған жолдың жайын білу үшін құрылыс басында болып қайттық. Жауапты маман Ерсултан Бақберген мұндағы жұмыс барысын кеңінен айтып берді.

– Жөндеу жұмыстары сәуір айында басталды. Көшенің ұзындығы – 2174 метр. Бұрын екі жолақты болса, енді төрт жолақты етіп кеңейтеміз. Сонда ені 15 метрге дейін кеңейіп, екі жағына жаю жүргізушілерге арналған жол мен заманауи жарық бағаналары орнатылады. Жөндеу жұмыстарына 12 адам мен 10-нан астам техника жұмылдырылған. Алдағы уақытта 50-ге жуық адам еңбек ететін болады. Ескі жол 100 пайыз қырып алынады. Қажетті шикізаттың бәрі жергілікті өнім. Ең алдымен тас салынады,

биіктігі 35 сантиметрге дейін. Одан әрі асфальт сынды тиісті материалдар қолданылып, жолдың төсеніш биіктігі 65 сантиметрге дейін жетеді. Сапа бақылауда, жыл аяғына дейін жаңа көшені пайдалануға беретін боламыз, – дейді жауапты маман.

Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің дерегіне, жол-көлік инфрақұрылымы бойынша қала және қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтерде 21 жоба іске асырылады. Онда



ұзындығы 53,9 шақырымды құрайтын 62 көшеге күрделі жөндеу, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі.

Қала бойынша 27,6 шақырымды құрайтын 30 көше жөнделеді. Мұнда 16 көшенің құрылысына мердігер

ретінде «Қызылорда жолдары» ЖШС жауапты болса, Сағымбаев көшесін жөндеуді «Қыран» ЖШС атқарады.

Н.Назарбаев даңғылы, Иманов, Бозгүл-1, Наурыз және Есенов көшелерін қайта жаңғыртуға «УАД» ЖШС жауапты. Сондай-ақ қала көшелерін салу және асфальтбетон жол жамылғысын күтіп ұстау жұмысы «Алем Транс Жол» ЖШС мекемесіне жүктелген.

Бұдан бөлек, 16 жоба кент және ауылдық округтерде жүзеге асырылады. Тасбөгетте 5,1 шақырымды құрайтын 4 көше, Белкөлде 1 көше жөнделеді, Қызылөзек, Қызылжарма, Ақсуат, Талсуат ауылдық округтерінде де жаңғыртылатын көшелер бар. Демек, қаладағы жол-көлік құрылысы белгіленген жоспармен ілгері жылжи бермек.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы:

\$ 475,05 kzt

€ 555,75 kzt

₸ 6,24 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

+28°

+17°

Сәрсенбі

+17°

+11°

ӨНІРЛІК ДАМУДЫҢ ӨЗІНДІК МІНДЕТТЕРІ



– Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін Үкімет «Өнірлік дамудың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Тұжырымдама географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарына қарай өнірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсу, халықты базалық инфрақұрылыммен қамту көзделген. Қалада жайлы орта қалыптастыруға, аймақтардағы теңгерімсіздіктерді жоюға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және экономиканың салалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған.

экономикалық әлеуетін аша түсу, халықты базалық инфрақұрылыммен қамту көзделген. Қалада жайлы орта қалыптастыруға, аймақтардағы теңгерімсіздіктерді жоюға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және экономиканың салалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталған.



Бүгінде тұжырымдама аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру үшін түрлі шаралар атқарылуда. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жұмысты сапалы әрі мерзімінде іске асыру керек. Өңірдегі туристік аймақтарды, демалыс

орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды талапқа сәйкестендіріп, қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылауда ұстанындар. «Таза Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаты – тұрғындар үшін қауіпсіз, таза және жайлы орта қалыптастыру. Бұл жұмыстарға қала және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен мекеме басшылары, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдері де атсалысуы қажет, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының елді мекендерге 15 млн ағаш отырғызу тапсырмасына сәйкес, Қызылорда облысында 2021-2025 жылдарға арналған жоспар толық орындалып, 958,8 мың ағаш егілді. Бұл жұмыстар аймақ басшысының бастамасымен жалғасуда. Атап айтқанда, Қызылорда қаласының кіреберісіне 7 мың, әуежай аумағына 4 мыңнан астам алма ағашы егілді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көгалдандыруға 18 млрд теңге бөлініп, жыл сайын 14 мыңнан астам ағаш отырғызылады. Жалпы 2025-2030 жылдары 71,5 мың ағаш, 658,6 мың шаршы метр жасыл аймақ және 428,4 мыңнан астам гүлзар отырғызу жоспарланған.

«СБ» ақпарат



АУЫЗСУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

«Қаланың орталық бөлігінде су құбыры желілерінің құрылысы» жобасы аясында 47 шақырымнан астам құбырды жаңғыртуға тиісті қаражат бөлінді. Бас мердігер – «Бақ-Береке 2030» серіктестігі.

Қала әкімі Нұржан Ахатов жұмыс барысын бақылап, мердігер компанияға жаңғырту кезінде асфальт жабындысын бұзбай, құрылыс стандарттарын сақтау қажеттігін қатаң ескертті. Сондай-ақ жобаны сапалы және мерзімінде аяқтауды тапсырды.

«АРАЛ САҚШЫСЫ» ЧАТ-БОТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудандық прокуратураның бастамасымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Арал сақшысы» чат-боты әзірленіп, іске қосылды.

Жоба Telegram мессенджері арқылы жұмыс істейді және азаматтар мен құқық қорғау органдары арасындағы жедел байланысты нығайтуға бағытталған.

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП САҚТАЛУЫ ТИІС

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тиісті сала басшыларымен бірге Әйтеке би кентіндегі «Орнай», «Болашақ», «Арзан» орталық базарларын, сауда орындарын және Әйтеке би көшесінің бойындағы кәсіпкерлік нысандарды аралады.

Аудан басшысы базар әкімшіліктеріне сауда орындарының санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, ішкі-сыртқы аумақтарын абаттандыру, барлық талапқа сәйкестігін сақтау қажеттігін айтып, сатушылар мен келушілерге қолайлы жағдай жасалуы тиіс екендігін ескертті.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

«Таза Қазақстан» жалпұлттық экологиялық акциясы аясында аудан басшысының тапсырмасымен санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі түрде жалғасын келеді.

Кезекті сенбілікте аудан орталығы мен ауылдық округтерде ауқымды жұмыстар атқарылды. Көшелер мен қоғамдық орындар ретке келтіріліп, арықтар тазартылды. Бейберекет өскен арамыштар жойылып, ағаштар өктеліп, абаттандыру шаралары жүргізілді.

НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменовті төрағалығымен өткен жиында дала өрнінің алдын алу, көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру, санитарлық тазалық жұмыстары және берілген тапсырмалардың орындалу барысы қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма берілді.

КТ АППАРАТЫ КЕЛДІ

Ауданда денсаулық сақтау саласын дамыту және тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Жакында ғана ауруханаға «PHILIPS» маркалы компьютерлік-томографиялық аппарат жеткізіліп, бүгінде науқастардың диагнозын анықтауда септігін тигізуде.

Қазіргі кезде аппаратпен қызмет көрсететін мамандарды арнайы оқыту және біліктілігін арттыру курстарынан өткізу жоспарлануда.

ӨНЕРПАЗ ӘЖЕЛЕР

Түркістан қаласында өткен «Түркістан таланттары шақырады» атты республикалық байқауда Шиели ауданы Бидайкөл ауылының «Ақ тілекті» әжелер ансамблі өнер көрсетіп, жүлделі I орынды иеленді.

Ұлттық өнерді дәріптеп, дәстүрлі ән мен өнегені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан әжелеріміз байқау сахнасында өз шеберліктерін паш етіп, көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

КӨРЕРМЕН КӨҢІЛІН ТЕРБЕГЕН КЕШ

М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде жерлесіміз, Мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші, термеші Бидайкөл Маханбетқызының «Қызыма» атты мерейтойлық шығармашылық кеші өтті.

Кеште аудан әкімі Мажит Самитов әншінің мерейтойымен құттықтап, ауданның Құрмет грамотасын табыстады. Қазақы дәстүрге сай өнер иесінің иығына камзол жауып, құрмет көрсетті.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жылды БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «Орнықты даму жолында Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялады. Осыған орай өңірде арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүйелі жұмыстар қолға алынған. Бастамаларды кеңінен таныстыру мақсатында өнірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында «Ұлттық волонтерлік фронт-офис» жобасына арналған брифинг өтті. Жиында жауапты сала өкілдері еріктілер қозғалысының қазіргі жағдайы мен алдағы жоспарларын жан-жақты баяндады.

ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫҢЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Уәлихан Ибраев өңірде волонтерлік қозғалыс жүйелі дамып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде облыста волонтерлік қызмет нақты құрылымға ие болды. Облыстық волонтерлер фронт-офисі мен Жастар ресурстық орталықтары жанындағы фронт-офистер арқылы еріктілердің бастамаларын қолдап, олардың жұмысын үйлестіріп отырмыз. Бұл – қоғамдағы азаматтық белсенділікті арттырудың маңызды тетігі, – деді ол.

Спикердің айтуынша, бүгінде Қызылорда облысында мыңнан астам волонтер, 30-ға жуық волонтерлік топ белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қызылорда қатарында «Ассамблея жастары» қозғалысының өкілдері де бар. Өңірдегі «Волонтеры Қызылорда», «Сыр волонтерлері», «Ашық жүрек» волонтерлер лигасы, «Жалын» штабы, «Қармақшы Демеу», «Жанарған Жаңақорған жастары» секілді ұйымдар мен бастамашы топтар қоғам игілігі жолында ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

«Ұлттық волонтерлік желі» фронт-кеңесінің басшысы Айбек Досымбетов өз сөзінде жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Бұл – еріктілер қозғалысын бір орталықтан үйлестіруге бағытталған жаңа модель. Біз өңірлердегі бастамаларды біріктіріп, тәжірибе алмасуға, тиімді жобаларды масштабтауға мүмкіндік береміз. Қызылорда облысы бұл бағытта белсенді өңірлердің бірі, – деді ол. – Сондай-ақ «Bilim», «Sabaqtastyq», «Asylmurat», «Qamqor», «TazaAlem», «Umit», «Saylyq», «Ayala» бағыттары аясында азаматтық қоғамды дамытуға арналған түрлі бастамалар іске асырылып келеді. Еріктілер қозғалысына кәсіпорындар мен жеке компаниялар да белсенді түрде

қосылып отыр. Корпоративтік волонтерлік, күміс волонтерлік және автоволонтерлік бағыттарда 100-ге жуық азамат еңбек етуде.

Жастар арасында да бұл бастама кең қолдау тапты. Облыстағы үш жоғары оқу орны мен колледждерде волонтерлік қызметке қызығушылық артып, студенттердің қоғамдық жұмыстарға қатысуы көбейген. Сарапшы Елена Амреева волонтерлік қызметтің сапалық дамуына ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

– Қазіргі кезде волонтерлік тек көмек көрсету ғана емес, бұл – кәсіби дағды мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыратын маңызды институт. Сондықтан біз оқыту, әдістемелік қолдау және зерттеу жұмыстарын қатар дамытуымыз қажет, – деді ол. – Жыл басынан бері облыстық волонтерлер фронт-офисі 20-дан астам іс-шара өткізіп, 600-ден астам еріктіні қамтыған. Биыл жергілікті бюджет есебінен халықаралық және республикалық деңгейдегі екі ірі шараны ұйымдастыруға 10 млн теңге бөлінген. Атап айтқанда, тамыз айында республикалық волонтерлер слеті өтеді. Бұл шара жастар мен еріктілерге тәжірибе алмасуға, жаңа жобаларды талқылауға мүмкіндік береді.

Ал қазан айында халықаралық «Green Aral: Volunteers for Life» еріктілер апталығы ұйымдастырылып, Арал өңірінің экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған жобалар жүзеге асырылады. Спикерлер «Ұлттық волонтерлік фронт-офис» жобасы еріктілер қозғалысын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, қоғамдағы белсенді азаматтардың әлеуетін арттыруға серпін беретінін атап өтті.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ЦИФРЛЫҚ ӨНДІРІС – СЕНІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Мұнда 360 жұмысшы болса, оның 160-ы жергілікті маман. Зауыт толықтай автоматтандырылған. Шыны сапасы жоғары. Құрамы 7 компоненттен тұрады. Басты шикізат – кварц құмы. Ол өзіміздің Аралдан тасымалданады. Жалпы шикізаттың бәрі де жергілікті өнім. Қалдықсыз өнім шығарады, яғни қайта өңделеді. Зауыт тоқтамайды, үздіксіз жұмыс істейміз, үш ауысым бойынша. Біз тұрған аумақ дайын өнімді қаптауға арналған. Кесілген шыныны жинау тәртібі бар. Оны робот атқарады. Қазір 4 робот жинаса, 4-уі қосымша. Егер сұраныс артып жатса, өзге роботтар да іске қосылады. Жиналған шыныны арнайы машина арқылы тасиды. Мұндағы технологияның бәрі де Италиядан келінген. Сондай-ақ біз облыста 15-ке жуық жеке кәсіпкермен жұмыс істейміз, – дейді Н. Ермағанбет.

Кәсіпорында өнім сапасын цифрлық бақылауға арналған ақауларды анықтау жүйесі және шыны кесуге арналған автоматтандырылған кешен жұмыс істейді. Өндірістік үдерістер толықтай басқарылатын цифрлық ортада жүзеге асырылады.

Екі жыл бұрын қуаттылығы 5 млн шаршы метр болатын энергия үнемдейтін шыны өндіру желісі іске қосылды. Бұл өнімдер заманауи технологиялардың нәтижесінде жоғары сапамен сипатталып, қымбат мезгілде жылуды сақтап, жазда күн радиациясын төмендету арқылы энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сұраныстың артуына байланысты өндіріс көлемі де тұрақты өсуде. Кейінгі үш жылда 500 мың тоннаға жуық өнім өндіріліп, оның 70%-ы ішкі нарыққа, 30%-ы экспортқа бағытталуда. Экспорт географиясы да цифрлық логистика мен өндірістік жоспарлаудың арқасында кеңейуде. Қазақстандық шыны өнімдері Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Беларусь елдеріне жеткізіліп отыр. Сондай-ақ Еуропалық Одақ талаптарына сәйкес Польша, Эстония, Латвия және Швейцария нарықтарына экспортталуда.

Одан әрі цифрландыру бағытындағы маңызды жоба – AynaGlass компаниясының айна өндіру зауытында болды. Кәсіпорында өндіріс толық автоматтандырылған. Жартылай дайын өнімдер роботтардың көмегімен желіге орналастырылып, өңдеудің

1-бет



барлық кезеңдері цифрлық басқару арқылы бақыланады.

Шыны беті автоматты түрде фильтрленген сумен жуылып, 400-600°C температурада кептіріледі. Кейін вакуумдық камерада магнетрондық тозаңдату әдісімен екі қабат арнайы бояу жағылып, айнаға айналады.

Өндірістік желінің жалпы ұзындығы 176 метр, ал зауыттың ішкі аумағы 6 мың шаршы метр. Кәсіпорын тәулігіне шамамен 3300 шаршы метр дайын өнім шығарады.

Барлық процесс шамамен 40 минут ішінде аяқталады. Дайын өнімді роботтар жинайды, әрбір айнаға зауыттың атауы, өндірілген күні мен уақыты белгіленеді. Өндіріс барысында сапа қана бақылауда ұсталып, ақауы бар өнімдер дереу өндірістен алынады.

Зауыт басшысы Айжан Өмірзақова өндіріс процесі, өнім түрлері, технологиялық мүмкіндіктері мен экспорттық әлеуеті туралы кенінен айтты берді.

– Бастапқы кезде өзге елдердің өндірісін зерттеп көрдік. Роботты құрылғыларды өндіруде көш бастап тұрған Қытай зауытына тоқталдық. Бұл технология – танымал бренд. Өлеменнің озық елдері қолданыса енгізген. Біз қолданып отырған автоматтандырылған технологияның мүмкіндігі зор. Былтыр екі ел арасында келісімшарт жасалып, арнайы мамандар келді. Олар 3 ай бойы технологияны ор-

натып, монтаждады. Жергілікті мамандарға тілін үйретіп, жұмыс істеу процесін көрсетті. Бұл құрылғылар жылдық қуаттылығы екі есе орындалуға қауқарлы, – дейді зауыт басшысы.

Бұл – еліміздегі алғашқы зауыт. Осы кезге дейін өнім сыртқы елдерден тасымалдану келді. Сондықтан Қызылордадан ашылған зауыт импортқа тәуелділікті азайтып, отандық өнімнің өрсіні кеңейтеді.

– Бұл салада жүргенімізге жиырма жылға жуықтады. Бұған дейін «Комфорт – 1КЗ» ЖШС-ын құрдық. Ол – облыстағы шыңдалған әйнек шығаратын бірегей зауыт. Әйнектен энергия үнемдейтін және жарық шағылыстыратын қасиеті бар қос қабат терезелер мен айна жасайды. Сондай-ақ витрина, қабина, шатыр, жиһаз, мөлдір баспалдақ, қалқа сияқты көптеген интерьер зат шығарады. Былтыр жаңадан салынған стадионға қажетті әйнекті осы «Комфорт – 1КЗ» ЖШС-нан алды.

Тәжірибіміз бар болған соң, айна өндірісіне келдік. Қазір технологияның мүмкіндігі мол. Бәрі де автоматтандырылған. Енді тұтынушыларды тарту үшін тиісті шаралар жүргізілуде. Бұдан бөлек алда жоспар көп. Мәселен, түрлі-түсті айна шығаруды көздеп отырмыз, – дейді Айжан Өмірзақова.

Әрине, оңай жұмыс емес. Заманауи технологиялардың тілін меңгеру, оны тиімді басқару да ұқыптылықты, жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыруда экономиканың индустриялық дамуы және артраптандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Былтыр елімізде 33 жаңа өнеркәсіптік кәсіпорын пайдалануға берілген. Солардың қатарында AynaGlass ЖШС да бар.

Жаңа өндірістердің іске қосылуы экономиканы артраптандыруға, өнімдерді дамытуға және елдің өнеркәсіптік базасын нығайтуға маңызды үлес қосатыны сөзсіз.

Бастысы, бұл жобалар – шифрландыру мен автоматтандыруды тиімді қолданудың нақты үлгісі.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА
АРАЛ
ҚАРАМҚШЫ
ЖАҢАҚОРҒАН
ШИЕЛІ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АЙЫППҰЛ АРТТЫ, тәртіп түзеле ме?

Дамыған Жапония елін алатын болсақ, ол жақта тазалық мәдениеті жақсы қалыптасқан, тіпті шығармалармен жүрсең де кірмейді. Бұл халықтың қарапайым тазалықтың өзіне үлкен мән беретінін көрсетеді. Бізде қазір жазалаудың түрі – айыппұл болып тұр. Ол үшін құқықтық тәрбиені арттырып, тазалықтың табылдырықтан басталатынын балабақшадан санаға сіңдіру керек. Мектепте де «Құлық негіздер» секілі сабақтар өтіп, әрі қарай заңдардағы өзгерістер мен ережелерді оқыту керек. Оқу орнын аяқтап, маман болғанда құқықтық сауатты азамат болып шығады. Өкінішке қарай, мұндай пәндер болғанымен, факультатив ретінде өтеді немесе мамандар кәсіби тұрғыда дәріс бермейді деген ой қалыптасады. Оны тарих пәнінің мұғалімі оқытатын шығар, бірақ арнайы заңгер маманы дәріс бергені дұрыс. Қазір қаншама азамат бос, мүмкін оларды білім саласына әкелу керек шығар. Сондай жолдар арқылы сананы қалыптастырмайынша, айыппұл мәселесі күн тәртібінен түспейді. Қоғамда тәртіп бұзғандар мен оның төлейтін белгілі бір мөлшері болады. Егер адам заңды білмегендіктен бір әрекетке барса, оған объективті түрде қарау керек. Қорытындылай айтқанда, мемлекетке құқықтық сауаттылықты арттыру қажет. Ақпараттық-насихаттық жұмыстарын көбірек жасаған жөн. Қарапайым халыққа бейнелер түрінде болсын ұғынықты тілмен түсіндіру керек. Оларға шұбақпандық заңның сөздерін айтып жеткізу, түсіндіру қиын. Егер заң бұзсаң, оның соңы неге алып келетіні, қандай айыппұл төлейтіні, қандай жаза қолданылатынын туралы нақты қысқа түсіндірме жасау керек. Өзім жетекшілік ететін «Дәрігерлер орталығында» көп жағдайда отбасынан зәбір көргендер келеті. Оларға жолдасы, енесі көп көтереді немесе балағаттайды. Өткен жылдан бастап зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысты заң нормаларына өзгерістер енді. Оны көбі біле бермейді, оларға «менің әйелім, оған не істесем де өзім білем» деген бұрынғы түйсінік ой қалыптасқан. Ал жауапкершілікке тартылғанда олар өкінеді. Егер заңнан хабары болса, мұндай әрекеттерге бармай, өзін ұстайтын шығар. Демек, әлі де қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыру керек, – дейді Жантөс Бектайұлы.

Шетел тәжірибесі қандай?

Айыппұл жүйесінің тиімділігі мен әділдігін толық бағалау үшін еліміздің тәжірибесін халықаралық практикамен салыстыру орынды. Шетелде айыппұл саясатын арттыру тәсілдерімен жүзеге асырылды және бұл көп жағдайда елдің құқықтық мәдениетіне, экономикалық жағдайына және әлеуметтік саясат ерекшеліктеріне тәуелді. Мәселен, Финляндияда, айыппұл мөлшері адамның табысына байланысты есептеледі. Бұл жүйе «күнделік айыппұл» деп аталады және оның мақсаты – заң бұзушыны әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бірдей деңгейде жауапкершілікке тарту, яғни миллионер де, жұмыссыз азамат та заң бұзса, өз табысына сай айыппұл төлейді. Бұл тәсіл айыппұлдың тек жаза емес, тәрбиелеу құралын нақты атқаруға жеткізеді.

Германия мен Швецияда да осыған ұқсас қағидалар қолданылады. Жол ережесін бұзған жағдайда, айыппұл көлемі заң бұзушының кіріс деңгейіне қарай белгіленеді. Сонымен қатар кейбір құқықбұзушылықтар үшін айыппұлмен бірге қоғамдық жұмыстарға тарту немесе арнайы курстардан өту міндеттеледі. Бұл жазалау мен қайта әлеуметтендірудің үйлесімді жүйесін қалыптастырады.

АҚШ-та жылдамдықты асырғаны үшін азаматтар 1000-2500 доллар көлемінде айыппұл төлейді. Оның мөлшері жол ережесінің қай шатта бұзылғанына байланысты. Ішімдік ішіп, рөлге отырғандар үшін де әр өңірдің дербес заңдары бар. Оның ең қатаңы Иллиной штатында. Онда өмір бойына жүргізушілік куәлігінен айыру, 3 жыл түрмеге тоқты және 25 000 доллар айыппұл төлету қарастырылған.

Ал Қытайда оқушылар да айыппұл арқалауы мүмкін. Мұндай жаза тіпті сабаққа кешігіп келетіндерге, үй тапсырмасын орындамайтындар мен мектеп ережесін сақтамайтындарға қолданылады. Мұндағы мақсат – балалардың оқу үлгерімін жақсартып, темірдей тәртіп қалыптастыру. Десе де бұл әдет-ғұна қоғам тарапынан жиі сынға ұшырайды екен. Бұл ел тұрғындары үшін оқушыларға шамадан тыс қысым қолдануға күйзеліске ұшыратып, мотивацияның төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Елімізде айыппұлдар нақты белгіленген соммен бекітіледі және табыс деңгейі ескерілмейді. Мұндай жағдай әсіресе әлеуметтік осал топтарға ауыр тиіп, құқықтық теңсіздік сезімін тудыруы мүмкін. Мысалы, заң бұзушылық үшін ауыл тұрғыны не ірі кәсіпкер болсын бірдей көлемде айыппұл төлейді, бұл әділеттілік принципіне қайшы келуі мүмкін.

Сарапшылар не дейді?

Кейінгі көзге жылдамдық арттырудың салдарынан жол-көлік оқиғалары көбейіп, адам өліміне әкеліп жатқан жағдайлар орын алууда. Мұндай жайттар қоғам тарапынан да қызу талқыға салынып, депутаттар да мәселені мінберден көтеріп жүр. Қала ортасында автокөлікпен өзі жоғары жылдамдықпен

жарысқан жүргізушілерге ауыр жаза керек деп есептейді Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов. Ол әлеуметтік парақшасында мынадай пікір білдірген: – Бұл көбінесе адамгершіліктен жұрдай, тәрбиесінде ауытқуы бар адамдар. Олар көпшілік қоғамнан өзін жоғары ұстайды, менсінбейді, үркітіп шошытып содан ләззат алады. Айыппұл салудың оларға ешқандай әсері жоқ. Әріптесім Бақытжан Базарбекпен бірге бірнеше ұсыныс дайындадық. 1. Аса жоғары жылдамдықпен (мысалы сағатына 200-250 шақырыммен) жүргендерді 15 тәулікке қамауға алып, 7 жылға куәліктен айыру керек. Ол үшін әкімшілік Кодекстің 592-бабына өзгеріс ұсынамыз.

2) Адам өлтірсе – аса ауыр қасақана қылмысқа жатқызу керек. Қазір ол 345-бап – байқаусызда өлтірген болып есептеледі. Біздің ұсынысымыз – бір адам қайтсе болса, 7-10 жыл, екі адам немесе одан да көп болса, (мысалы Алматыда 3 адам) онда аса ауыр қылмысқа жатқызып ҚР ҚК 345-бабына ауыстырып, қатаңдатып 10 жылдан 15 жылға дейін түрмеге қамау керек.

3) Оларға көмектескен полиция қызметкерлеріне қатысты ҚР ҚК 370-бабына адам қайтсе болса, полиция қызметкерін 7 жылдан 10 жылға дейін түрмеге қамау керек». Дегенмен Мәжіліс депутаты айыппұл мөлшерін көбейтуге қарсы.

– Алматыда әл Фараби көшесінде 3 адам қайтсе болған авариядан кейін жылдамдықты асырған жүргізушілерге айыппұлды тағы көбейту керек деген ұсыныстар пайда болды. Ондай бастамалар полицияға қатысты бар адамдардан шығады, дұрыс емес. Жалпы айыппұл қасақана заң бұзғандарды тәрбиелейді, – дейді.

Кейінгі 10 жылда айыппұл көлемі 5,5 есе, ал жол-көлік оқиғалары екі есеге жуық артқан. Экономика министрлігі айыппұл мәселесін тек айыппұлмен шешу мүмкін емес екенін айтады. – Біз айыппұлдың бюджетке түсімін ғана көріп отырмыз. Бірақ оның артында қанша адам өмірі мен экономикалық шығын тұрғанын ескермейміз, – дейді сарапшы. Оның айтуынша, адам өмірін экономикалық құнын есептеу арқылы мәселенің ауқымын түсінуге болады. Мәселен, өткен жылда заң апатынан 2 330 адам қаза тапқан. Осыған сүйенсек, тек өлім-жітімнің өзінен келетін шығын шамамен 1,4 млрд долларды құрайды. Бұл тек тікелей шығын. Ал жаракат алғандар, мүгедектік, медициналық және әлеуметтік шығындар бұған кірмейді.

Тәртіп сақтамасаңыз, қалтаңыз қағылады

Жыл басында айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемі өсті. Соған сәйкес айыппұлдардың да мөлшері автоматты түрде арттырылды. Бұрын көпшілік мән бере бермейтін ұсақ құқықбұзушылықтар қалтаға кәдімгідей салмақ салуы мүмкін. Енді «ештен емес қой» деп жүре беретін әрекеттер әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Мәселен, көпқабатты үйлердің подъезді мен ауласы қоғамдық орын болып есептеледі. Сондықтан бұл жерлерде ішімдік ішу заңды бұзу. Алғаш рет анықталса 21 625 теңге айыппұл салынады, қайталанса 43 250 теңгеге дейін өседі. Кей жағдайда 5 тәулікке дейін әкімшілік қамау да қарастырылған.

Кейінгі жылдары жиілеген тағы бір мәселе – вандализм. Қабырғаға жазу, шамдарды сындыру, пошта жәшіктерін бұздыру немесе подъездтегі ортақ мүлікте зақымдау енді «балалық» әрекет ретінде қаралмайды. Мұндай құқықбұзушылық үшін 216 200 теңге айыппұл салынады немесе 20 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қолданылуы мүмкін. Қайталған жағдайда қамау мерзімі 30 тәулікке дейін ұзаруы ықтимал.

Сондай-ақ тұрғындардың жиі жіберетін қателігінің бірі – подъездтегі артық заттар. Есік алдына шкаф, қорап, велосипед немесе балалар арбасын қалдыру өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу болып саналады. Бұл үшін алғаш рет 21 625 теңге, қайталанса 43 250 теңге айыппұл қарастырылған. Ал қомысты подъезд немесе аулаға тастау 43 250 теңге айыппұлға немесе 40 сағат қоғамдық жұмысқа әкелуі мүмкін. Егер жағдай қайталанса, айыппұл 86 500 теңгеге дейін өседі.

Подъезде темекі шегу де енді қатаң бақылауда. Алғаш рет 64 875 теңге айыппұл салына, қайталған жағдайда 86 500 теңге төлеуге тура келеді.

Түнгі тыныштықты сақтау мәселесі де өзекті. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 437-бабына сәйкес, жұмыс күндері сағат 22:00-ден 09:00-ге дейін, ал демалыс және мерекелік күндері 23:00-ден 10:00-ге дейін шулауға болмайды. Бұл уақытта қатты музыка қоюға, жөндеу жұмыстарын жүргізуге, айқайлап шулауға немесе фейерверк атуға тыйым салынады. Талапты бұзған жеке тұрғындарға 21 625 теңге айыппұл салынады, қайталанса 43 250 теңгеге дейін көбейеді.

Бұдан бөлек, тіркеу мәселесіне де назар аудару қажет. Жаңа мекенжайға көшкен азамат 30 күн ішінде тіркелуі керек. Уақытында тіркелмесе 31 275 теңге айыппұл қарастырылған, ал қайталанса 56 225 теңгеге дейін өседі. Пәтерді тіркеусіз жалға берген меншік иесіне 43 250 теңге айыппұл салынады, қайталанған жағдайда бұл сома 86 500 теңгеге жетеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// «QZYLORDA» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА

Жақсылық

Жақсылық Бекқожаевты көке дейтіңіз. «Көке» деген – ежелгі түркі сөзі, дұрысы – көкө. Біз – қазақ «көкө» деп бұрыс жазсақ та, «көкө» деп дұрыс дыбыстаймыз. Оның көкөге (зенгірге) қалай да байланысы бар. Ал Көк – біздің Тәңіріміз. Қырғыздар көкө теңір дейді. Көке (көкө) деп түркі жұрты, оның ішінде қазақ жасы үлкен адамды ғана емес, көпшілік аса құрмет тұтатын жақсы адамды да атайды. Кейбіреу жасы үлкен болса да, көке деуге лайықты болмай жатады.

Алғаш араласа бастағаннан-ақ ол кісіні көке деп кеттім. Менен бұрынғылар да солай атайды екен. Жәкемді солай атау өзіне сондай жарасатын еді. Сондай атқа Жәкем лайықты болатын. Көке десе, көке еді-ау!

Ол кісіні студент кезімде облыстық радиоға ағаларыма барып жүріп таныдым. Редакциядағы тілшілер отыратын кабинетке кіріп келіп, еліпледен әңгіме айта жөнелетін. Мынау отырған студент екен демейді, кейде саған қарап айтады әңгімесін. Сонда сен өзіңді студент емес, редакцияның байырғы бір мүшесі сияқты сезінеді екенсің. Сонан соң радиоға емін-еркін кіріп-шығып, өзің де әңгімеге араласа бастайсың. Ондайда Жақсылық көкем, бір ғажап жері, сен айтқан әңгімеге құмарта құлақ төсей қояды. Құлды бір қызық әңгіме елітіп тұрғандай елдеңдеп, риясыз күлкіге көміледі де қалады. Туу, көкем-ай, біз сияқты жетімсіреп жүрген студентті сол қылығымен-ақ марқайтып жіберетін еді ғой.

1990 жылы Қызылорда пединститутын бітірген бойда, әлебиетші ғалым, ұстазым Темірхан Тебегенов ректордың көңілің, мені өзім оқыған оқу орнына оқытушы етіп алып қалып еді. Бағдат ағай Қарібозов «Әдебиет теориясы» пәнінен лекция оқыды, мен практикалық сабағым өткізем. Лекция оқып жіберген кездерім де бар. Бірақ менің өмірлік мақаматым мұғалім болу емес сияқтана береді. Әдебиетті зерттеуші емес, әдебиеттің өзін жасаушы болғым келетін демеу бар ма қалай? Ақылмызды толысқан әрі-сарі бір сәт. Өмірлік жолымызға нық түсе қоймаған кез.

Сондай бір кезде Бексейіт Шайланов пен Жалғас Аманов облырдо қимараты орналасқан орталық алаңда ұшырасып қалдым. Екеуі де радиола істейтін журналист ағаларым. Бұл енді 1991 жылғы мамырдың 31-і. Күн жұма еді. Облыстық телерадио алғашқы хабарын таратқанына тура бір ай болған. Жұырда Qyzylorda телерадиосына 35 жыл толады.

– Әй, сен қайда жүрсің, іздемеген жерімсіз жоқ. Радиоға адам алайын деп жатыр. Біз сені ұсындық, – дейді екеуі жарыса сөйлеп.

– Ойбай, бірінші курстан алатын заңғатты бар! – деймін басымы алып қашып. Айтқандары көңіліме ұнап та тұр. Сөйтсе де оларға еріп те кете алмаймын. – Сенен басқа тағы екеуі көп тұр. Осы қазір жұрмесең жоқтай сүйрегендей етіп, радионың бас редакторы Есенгелді Шілдебаяевтың алдынан бір-ақ шығарды.

– Мына екеуінің жазғыш деп жүргені сен бе-ей! – деп, бір шағып алған Есағам жауап күтпестен қарсыдағы кабинетке бастай жөнелді. Төраға Жақсылық көкемнің кабинеті екен.

Жәкем әдеттегінен темекісіні бүрк-бүрк тартып, көңілі отыр. Әлдебір әңгімені бастай жөнелді. Әңгіме тыңдайтын адам таппай отырғандай. Оған қарсы тұрған орындаушы тізе бүккен Есағам мақұлдап, бас илеп қояды. Мен тұрмын жанында ілімші.

– Жәке, мынау өзіңізге айтып жүрген бала, – деді Есағам сөздің бір інін келген кезде. – Ұятқа қалдыра қоймас.

– А-а, солай ма? – Жәкем сол арада сырттан бір апайды шақыртып да, – мына балаға приказ бергіз, – деді. – Болды, алындың, – деді сосын маған қарап.

Әңгімесін күлкі араластырып



айтады екен. Менің шаруамды тындыра салып, әңгіменің тағы бірінші кірісе беріп еді, кабинетке Темірхан Тебегенов ағаймының екінімен кіріп келгені. Сасып қалдым. Мені артыман қуып келді ме деген қауіп болды-ау сонда. Енді ше? Кешегі ұстазым. Бүгінгі тікелей бастығым. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі. Алайда қуып келген ойы жоқ сияқты, өзінен жасы үлкен екі ағасына еліпледен сөлем беріп жатыр, мен болсам оған ұсынаман қолымды. Ағай бас салды мені Жәкемдерге таныстыра бастады, «біздің кафедрада жас оқытушы, талантты ақын, өзіміздің бала...» деп. Сонда Жәкем аузын қолымен қалқалап, «енді бұл біздің бала болды» деп Есағамға сыбыр ете қалды. Оны Темкем, бір жақсы жері, естіген жоқ.

Сөйтпін ойландыра берген облырдоның тілшісі болып шыға келдім. Тілші демейді, қолақпандай кып редактор дейді. Үйден шыққанда институттың мұғалімі едім, енді облырдоның редакторы болып оралдым. Апта басталғанда Жәкем жұмысқа келмей қалды. Зейнет демалысына шығып кетті. Орынна Әбдіжәлел Бөкір ағамыз тағайындалды. Бұл маусымның 3-і. Дүісенбі.

Бірақ көкем көп ұзамай, ашылғанына көп болмаған телерадио қатардағы редактор болып жұмысқа қайтып келді. Телерадиоға мен де ауыстым. Енді арамыз тіпті жақынды түсті. Үлкен бір кабинетте сүйікті көкеммен бірге отыратын болдым. Біз бірер минуттық ақпараттық хабарға жанығып бітсек, көкем жиырма минуттық, отыз минуттық «ауыз» қойылымдарын күлдіргі әңгіме айта жүріп, оп-оңай тындырып тастайды. Айналайын, көкем-ай! Сонда айтатын әңгімелерінің бір парасы мынадай. Жастау кезінде ме екен, Ыбырай Жақасқа баралы сұхбат алуға. Сөйтсе шалың бар болғыр, үндемей отырып алыпты, жөндөл сөйлей қоймайпты. Сөзге жоқ еңбекті адымы емес пе? Әрі айналдырады, бері айналдырады. Болмаған соң Жәкем «Авангард» совхозындағы бір күршіні кәрістің атын айтып, «сол көріс күршіңі былай егем деп айтып, олай суарам деп айтып» деп, әдейі бурмалап сөз бастаған ғой. Жақасөв сонда ғана тілі шығып, сайрап ала жөнелді дейді, «ол олай емес, былай ғой!» деп.

Көкемдіздің журналистік еңбек жолында кезіккен осыған ұқсас әңгімелері көп еді.

Бірде ұжымдағы біреудің өтінішімен төрт-бес шуммақ өлең жазғанымын. Соңғы шуммақтық үшінші қатардың ұйқасы «қия

алмай» дегенге келеді. Мен қу-дай атып, осы «қия алмайдыға» төртінші қатардың ұйқасын қапелімде таба алмай, ыңқылдадым да қалдым. Егер сонғы ұйқас болса, өлең біткелі тұр. Сол кезде кабинетке көкем кіріп келсін. Менің қатты ойланған түрімді көріп: – Неғып түнеріп отырсың! – деді.

– «Қия алмай» дегенге ұйқас таппай отырғаным.

– Сол да сөз боп па? І-й, аллай демеісің ба! – деді ойланбастан.

Бұл енді біреуге онша маңызды әңгіме емес боп көрінер, бірақ мен үшін көкемді көз алдыма әкелер сағынышты сөттер ғой.

Бірде сырқаттанған бірер күн жұмысқа келмей қалды. Көкем болмаса, жұмыс көңілсіз. Редакцияның жұртқысы жоқ сияқты көрінеді. Өйткені көңілді әңгіменің қайнар көзі. Айтпақшы, сол 1991-1992 жылдары зат атаулы қат боп кетпеді ме. Көкем портретіне ғылымның ортасынан бөліп салып қояды да, оны мүшкетке қыстырып тарттады. Кейін ол да бітіп қалды ма, қол басындай дорбаман табак әкелетін болды. Оны сол арадағы темекі шегетіндерге үлестіріп, тіпті қағазға қалай түруге дейін үйретеді. Онысы ұдай ашы. Сонда да біріміз жұқа отырып, бүркылдатқанымызда бөлме іші түтінге толып кететін. Әлі есімде, менің тартамда папиростың қағазы сияқты жұқа парактар жататын. Бірде көкем темекі орауға қағаз әкел дегенде соны апарғаным. Ол қағаз көкеме қатты ұнанып. Соған ораған темекінің түтіні таңдайға ерекше жұмсақ тиеді екен. Бұл бір үлкен жаналық болды. Әріптесіммен теріп басағын бағығы кез ғой. Көкем екеміз әлгі қағазды үнемідеп орап, біразға жеткіздік-ау!

Түгін аңсаған кезде көкем үстеміне төніп кеп тұралай: – Әй, бала, шығар қағазыңды, – деп. Қабағын жор-жорта түйіп, тонауға келген қарқашының кейіне еніп.

Сөйткен көкем сырқаттанып қалыпты. Ол жоқ болса, бүркылдаттып тартатын табак та жоқ, табак жоқ болса, әңгіме де жоқ. Қағаз да пайдаланусыз қалды. Көкем екен сол қағаздың құнын арттырып жіберген.

Занған жоқ, арада үш-төрт күн отты-ау, жоғары қабаттағы режиссерге екінідетіп жүгіре желіп бара жатсам көкем келді екен, қуанып кетіп, шұрқырап амандық-саулық сұрай бастадым.

– Деніңіз сау ма? – деппін мен ақымак сонда, денсаулығыңыз қалай дегенді асығам деп қате айтып.

– І-і, мені есі ауысыпты деп естіп пе едің?! Міне, жынданғам жоқ, келе жатырмын! Кетші әрі! – деді ашуланған тұр көрсетіп. Шыламай артынан өзі де күліп жіберді. Менің де сөзді қате айтып қалғанымы біліп тұр ғой...

Жұмыс мәселесіне келгенде өте-өте ұқыпты болатын. Сол жылдары жастардың өзін онша түсіне қоймайтын телетехникаларды алыпстан асқан жасына қарамай жақсы меңгерген.

Бәрін айт та, бірін айт, осы телерадионы құрып, ағынған тік тұрғызып Жақсылық көкемнің тұрғы. Мен бұл жөнінде тәттіштеп айтудан аулақпын. Оның маған дейінгі еңбек жолын да, жазаған деректі фильмдерін де сөз етпеймін. Өйткені ол тақырыпты өзімен де жақсы білетін аға-апа-ларым жаза жатар. Мен Жәкемнің өзін білетін азаматтық асыл қасиеттерінің кейбірін ғана тілге тиік еттім.

Иә, ол Сыр бойындағы көптеген журналистке ұстаз болды. Мен сияқты журналист еместер де жолға салып жіберді. Өзінің есімі сияқты ісі де тек жақсылықтардан тұратын еді-ау! Сондықтан мен тұрақан Жақсылық көкемнің есімін жоғары қояй! Бірінші атаймын.

Жақсы адамның жаны қайтыс болған соң көк төрін көтергендей дейді ежелгі ұғымда. Көк төрін сосын ұрпағына, ел-жұртына шұғын шашады екен. Жақсылық көкем де көк төрін бізге – тірлерге шуақ шашуға кеткеніне жиырма жылға жуықтап қалыпты. Көзі тірісінде де шуақ шашып жүретін, көзі тірі болса, биыл тоқсан алты жасқа толар еді. Менің әкемнен түйдей құрда екен.

Жақсы адамдар туралы естелік жазған қандай ғанибет! Естелік жазып отырғанымыда асыл бейнесі көз алдыма келіп, мейіріңді дауысы құлағымға естіліп, тағы да жақсылыққа үнідеп тұрғандай.

Жақсы адамдар – адамзат қоғамының қазынасы. Күнді тынбай айналған титімдей Жер бетіндегі өмірді нұрландыратын осы Жақсылық көкем сияқты жақсы адамдар емес пе?! Ал зұлтатып тартатын табак та жоқ, табак жоқ болса, әңгіме де жоқ. Қағаз да пайдаланусыз қалды. Көкем екен сол қағаздың құнын арттырып жіберген.

Занған жоқ, арада үш-төрт күн отты-ау, жоғары қабаттағы режиссерге екінідетіп жүгіре желіп бара жатсам көкем келді екен, қуанып кетіп, шұрқырап амандық-саулық сұрай бастадым.

– Деніңіз сау ма? – деппін мен ақымак сонда, денсаулығыңыз қалай дегенді асығам деп қате айтып.

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ, жазушы, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби, көркем-көпшілік журналының бас редакторы

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІ

Еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде алғашқы медициналық-санитарлық көмекті (АМКК) дамыту мақсатында біртұрғын нормативтік-құқықтық актілер қабылданған. Соның ішінде №11 бұйрық патронаж қызметін ұйымдастыруға маңызды орын алады. Бұл бұйрық ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған үй жағдайындағы медициналық көмектің тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Патронаж мейіргері – жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және ерте жастағы балаларға медициналық көмекті үй жағдайында көрсететін орта буын медицина қызметкері. Оның негізгі мақсаты – аурудың алдын алу, қауіп факторларын ерте анықтау және халықтың денсаулығын нығайту.

Патронаж мейіргерінің қызметі жүкті әйелдерде жүзеге асырылады: әмбебап, таңдамалы және күшейтілген патронаж. Әмбебап патронаж барлық балаға жүргізіледі, ал таңдамалы және күшейтілген патронаж қауіп тобына жататын балалар мен отбасыларға бағытталған. Бұл тәсіл медициналық көмекті тиімді жоспарлауға және тәуекелі жоғары топтарға ерекше назар аударуға мүмкіндік береді.

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ОН САЛМАҚТА ОЛЖА САЛҒАНДАР



Қызылордада Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир өтті. Жарыстың ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сарсенов, Тәйімбет Көмекбаевтың баласы, генерал-майор Бағбан Тәйімбетұлы, батыр ұрпағы Ардашер Шайымбетов қатысты.

Дүбірлі дода биыл екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Оған Олимпиада, Әлем, Еуропа, Азия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері келді. Бәзкілем үстіндегі белдесуде 20-дан астам елдің балуандары жүлделерді сарапқа салды. Олардың қатарында Әзербайжан, Бразилия, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Пәкістан, Ресей, Татарстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Үндістан және еліміздің барлық аймағынан 200-ге жуық спортшы 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады.

Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы халықаралық турнир алдымен 1995 жылы самбодан республикалық ашық турнир ретінде ауданнан бастау алған еді. Содан бері осы жарыстан 100-ге жуық Әлем және Азия чемпионы шыңдалып шықты.

Откен жылға дейін ол Қармақшы ауданында республикалық деңгейде ұйымдастырылды. Былтырдан бері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен халықаралық деңгейде облыс орталығында өтуде. Сыр өлкесінде есімі елге, әлемге әйгілі тұлғалар аз емес. Олардың қатарында Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаев есімі ерекше құрметпен айтамыз. Қаһарман

жауынгер қан майданда от кешіп, Отан үшін кеудесін оққа тосқан, ерлігімен көзге түсіп, жаужүректігімен батыр атанған тұлға, – деді облыс әкімінің орынбасары. Салтанатты шара барысында Руслан Есеналин Бағбан Тәйімбетұлы «Денешынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгімен марапатталды.

Айта кету керек, өңірде олимпиадалық спорт түрлері, оның ішінде грек-рим күресі қарқынды дамып келеді. Бүгінде осы спорт түрімен шұғылданушылар саны 1600-ден асты. Спорт саласына көрсетілген қолдаудың арқасында өткен жылы грек-рим күресінен Әлем чемпионы атанған сырбайлық балуан Айдос Сұлтанғали ел мерейін үстем етіп, тарихи жеңіске қол жеткізді. Халықаралық турнир алдында өткен баспасөз мәслихатында облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев өз сөзінде турнирдің өңір спорты үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Беделді бәсеке отыз жылдан астам уақыттан бері алдымен самбо, кейіннен грек-рим күресінен тұрақты түрде өткізіліп келеді. Онда шеберлігін шыңдаған балуандар арасынан кейіннен әлемдік деңгейде топ жарған саңлақтар шықты. Сондықтан бұл турнирді жарқын жеңістерге жолшар жарыс ретінде бағалаймыз. Алдағы уақытта облыста мұндай көптеген бәсеке өтеді деген жоспарымыз бар, – деді басқарма басшысы.

Ал ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Дәурен Жабасов турнирдің халықаралық деңгейіне ерекше тоқталды.

– Қызылорда төрінде өтетін бұл дода әлемдік күнтізбеге маңызды жарыстардың біріне айналды. Олимпиада, әлем және құрлықтық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қатысуы турнирдің беделін айқындайды, – деді ол.

Сыр өңірінде Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен ересектер арасындағы II халықаралық турнир бүгін өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған дүбірлі додада 20-дан аса елдің білекті балуандары 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады.

Халықаралық турнирде өзбекстандық Ихтиор Батиров (55 келі), Феруз Тухтаев (60 келі), Абдулло Алиев (77 келі), Худойржа Шамшаддинов (97 келі), Жетісу облысынан Диас Келтай (82 келі), Жеңіс Ерасыл (87 келі), шымкенттік Әділхан Сатаев (72 келі), қызылордалық Нұрбол Бақдәулет (65 келі), қарағандылық Алмат Кебісбаев (67 келі), жамбылдық Ергали Әлішер (130 келі) сынды спортшылар жеңіс тұғырынан көрінді.

Әділхан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

КӨГАЛДАНДЫРУ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ: «Қазгермұнайдың» экологиялық бастамасы



Сырдария ауданы Тереңөзек кентінің маңы, автомобиль жолының бойы жасыл желекке оранған. Жас көшеттер отырғызылып, жайқалып тұр. Жазда мұнда жолаушылар ағашты саялайды, тынығады. Көгалдандыру – айналаны абаттандыру ғана емес, табиғатқа деген құрметтің белгісі.



«ҚазМұнайГаз» АҚ компаниясы Мемлекет басшысының бастамасымен іске асып жатқан, елауамағын көгалдандыруға, халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға, азаматтарды қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын қолдап, белсенді қатысады.

«Қазгермұнай БК» ЖШС бастаманы қолдап, Сырдария ауданының әкімдігі және жергілікті Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі бірлесіп жүзеге асыруда.

Былтыр аудан орталығы Тереңөзек кентінің аумағына көшет отырғызу үшін дайындық жұмысы жүргізілді. Аудан әкімдігі 1,7 гектар жер телімін бөліп, оған 3640 көшет егді. Басым бөлігі – жергілікті климатқа бейім терек, жиде және жеміс ағаштары.

Жоба аясында топырақ дайындау, қоршау орнату, суару жүйесін қазу және көшеттерді күтіп-баптау жұмыстары тыңғылықты атқарылды.

Осы ретте Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі директоры Болатбек Ұлтанбекұлы «Қазгермұнай БК» ЖШС-ның

өң бастамасына әркез қолдау білдіретінін жеткізді. – Өздеріңізге белгілі, біздің өңірде ағаш отырғызу, оны күтіп-баптау оңай емес. Алайда тынымсыз еңбектің арқасында аймағымыз жасыл желекке айналып келеді. «Қазгермұнай БК» ЖШС мекемесінің қызметкерлері жергілікті ағаш көшеттерін отырғызып, игі шараны қолға алды. Абаттандыру жұмысын жүйелі іске асырып келеді. Қоршаған ортаны таза ұстау, тал егуді ұдайы ұйымдастыру арқылы өскелең ұрпаққа көгалдандыру көптің ісі екенін ұғындыруда.

Ағаш отырғызу – табиғатты қорғаудың ең тиімді әрі маңызды жолының бірі. Әр отырғызылған ағаш таза ауа, көленке және болашаққа қосқан үлес. Сол себепті дәстүрлі шараның алдағы уақытта да жалғасын табуына сенімдімін, – дейді ол.

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының тапсырмасына сәйкес бір қызметкер кемінде 5 ағаш отырғызуы керек. Сондай-ақ «Қазгермұнай» компаниясы өңірде көгалдандыру бағдарламасын одан әрі дамытып, түрлі мүмкіндік қарастыруды көздейді.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

/// ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

БӘЙГЕ: ІРІКТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ ҚЫЗЫЛОРДАДА ӨТТІ

Сенбі күні Қызылорда қалалық ипподромында бәйгеден Қазақстан чемпионатының I іріктеу кезеңі өтті. Жүйріктердің басты додасына еліміздің барлық аймағынан 150-ге жуық шабандоз қолтума құнан бәйге, құнан бәйге, топ бәйге, аламан бәйге, қолтума аламан бәйге бойынша бақ сынасты.

Оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, ҚР Бәйге федерациясының вице-президенті Мұрат Әсербаев, ҚР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сарсенов, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев арнайы қатысты.

Ардақ Зебешев ұлттық спорт-



ты дамытуда ат бәйгесінің ерекше маңыздылығына тоқталып, шабандоздарға сәттілік тіледі. – Қазақ ұғымында жылқы қашан да тектіліктің белгісі саналады. Сондықтан да ат

бәйгесі – көшпелі халықтың мәдени дәстүрінен тамыр тартатын ұлттық спорттың ең негізгісі. Бүгінде Сыр өңірінде 30 мыңға жуық спортшы ұлттық спортпен жүйелі түрде шұғыл-

данып, халықаралық және республикалық жарыстарда топ жарып жүр. Олардың қатарында казак күресінен Ұлан Рысқұл, Мақсат Исағабайлов, Нұрмы Сәлімгереев, Еңбек Сақтағанов, Руслан Теміржан, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов, алыш күресінен Назерке Әбілғаева, көкпардан өңір тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионатында тарихи нәтиже көрсеткен Медетбек Балғынбек бар. Осы ретте, ата-бабамыздан аманат болған ұлттық дәстүрді қастерлеп жүрген барша бапкерлерге, шабандоздарға және спорт жанашырларына зор алғыс білдіремін, – деді Ардақ Темірханұлы.

Шарада Руслан Бахытұлы, Мұрат Әсербаев және Дархан Сарсенов сөз сөйледі.

«СБ» ақпарат



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының ұжымы жоспарлау, есептік және сапа бақылау бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудитордың ассистенті Аханова Жанна Жолдыбайқызына жұбайы

Рүсұлтан Жалғасұлының дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫРМЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.